

Қытай қазақтарының Төте жазуды қолданудағы тарихи барысы және орфографиялық өзгешеліктері

Қазақ халқы өз даму тарихында қолданған басты жазулар--Көне түркі жазуы, соғды жазуы, көне ұйғұр жазуы, және ислам діннің кең көлемді таралуына ілесе араб жазуы. Арап жазуын алғаш қолданғанда Құран сөзі қасиетті, оны өзгертіп қолдануға келмейді деп қаралып, арап жазуы бастапқы тұлғасында өзгеріссіз қолданды. Алайда арап жазуы іс жүзінде қолданылу амалияты барысында, қазақ халқы сынды түркі халықтаының тілін дұрыс бейнелеп бере алмау сынды көптеген кемшіліктері байқалды. Әрі оған реформа жүргізу қажеттілігі туды.Сөйтіп парсы жазуынан қажетті таңбалар қабылданды.

13-ғасырға келгенде, Шыңғысхан Орта азия және Қытайдың Шинжияң сынды аудандарын жаулап алды, көп өтпей өзі жаулап алған өңірлерін төрт ұлына бөліп берді. Қытайдың Шинжияң өңірі екінші ұлы Шағатайдың еншісіне беріледі. Шағатай тілі орта ғасырдан 13-ғасырдың 20-жылдарына дейін түркі тектес ұлттардың ортақ қолданған кітаби әдеби тіл. Шағатай жазуы Қытайдың Шинжияң районы мен орта Азия өңірлеріне кең тараған. Әрі бұл өңірлердегі халықтардың мәдениетіне зор ықпал жасаған, бұл өңірдегі түркі тілдес халықтар өз алдына ұлт болудан бұрын да және ұлт болып қалыптасқаннан кейін де бұл жазуды қолданып отырған. Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан соң, хан ордаларында ресми іс қағаздары бұрынғысынша Шағатай кітаби тілі негізін жүргізілген.жазу үлгісі қалың халық бұқарасына кең таралмады. Бұл кітәби тілде жазылған шығармаларды жай халық түсінбеді де кітаби тіл мен ауыз екі тілдің айырмашылығы зор болған.(1) (3-бет)

Қытай қазақтары арасында, яғни, Шинжияндағы Ахмет Байтұрсын емлесіне жасалған өзгерістер.

Бұл Ахмет Байтұрсынның емлесі Қытай қазақтары арасында яғни 1926-жылы Қытайдағы Шинжияңның Нәнсән деген жерінде Нәбиөллә мұғалым жағынан оқытлла бастап, Шинжияңның жер-жерінде қазақтар көп қоныстанған қазіргі ШҰАР дағы (Шинжияң ұйғұр автономиялы ауданы делінеді) көзі қарақты зиялылар игере бастады. 30-жылдардағы Қытай қазақтары арасында жаппай мектеп ашу кезінде " Байтұрсын емлесі", "төте оқу" емлесі деп аталды .Іле, Алтай, Тарбағатай және Үрімжі өңірлерде жаппай ашылып, мұғалімдер қурыстарында осы жаңа әліппе және оның емле ережесі ресми сабақ ретінде оқытылды. Осыдан кейін Алтайда Кәрім Дүйсебаевтің «Әліппе астары» деген кітабы, және Құлжада «жаңа әліпби» және «Әліппе»кітаптары шыққандығы мәлім. Бұл «әліппенің» негізгі ерекшеліктері мынадай: Көне араб алфавитіндегі ت, ح, خ, ح, خ, ف, ع, ه, ل, ا «t,x,xa,xp,ф,ч,ла» таңбалар қажетсіз деп әліппе қатарынан шығарылып тасталды.

(2) Арап жазуынан, парсыдан қосылған п, г, н, ч, ژ әріптерінен п, г, н әріптері қабылданып, (ژ, ч) қазақ тіліне қажетсіз деп шығарылып тасталды.

(3) Қазақ тіліндегі алты дауысты дыбыс үшін бес әріп (а, о, ұ, ы, е) қабылданып, жіңішке (тіл алды) дауыстылары () дәйекше арқылы(төбесынде дәйекшесы бар ә, ө, ү, і)түрінде жазылып, тіл арты дауыстыларынан парықтандырылды.

күлікі жағдай туғызды. М.Әуезовті- М.Әуезәу деп жазу ыңғайсыз еді.өсыған байланысты Әнуар Көкеев «в» әрпін төте жазуға енгізу арқылы 1954жылы бұл жазудың әлппесімен емле (орфография)ережесінедәуір өзгеріс енгізді. Бұл өзгерістер Әнуар Көкеиевтің 1954жылы Шинжияң газетіне басылған «қазақ емлесін дұрыс қолдану ережелері» деген мақаласында егжейлі-тегжейлі түсіндірілді. Шинжияң өлкелік халық үкіметі бұл өзгерісті мақұлдап, 1954жылы 27-шілдеде Шинжияң өлкелік халық үкіметі: 1.қазақ әріпіндегі қосар ұу дың орнына, бір әріп «у» алынсын. 2.Қазақ тіліндегі қосар «ый» әрпінің орнына жеке «и» қолданылсын! 3. Орыс және басқа ұлттардың тілінен енген сөздерде кездесетін жаңа әріп «в» енгізілсін! деп қаулы шығарды.Сойтіп осы екі мақаладағы талқы арқылы өзге тілден енген сөздерді дұрыс жазуды, Ахмет Байтұрсын әліппесін онан ары кемелдендірді. Әнуар Көкеевтің осы еңбектерін Қытай халық үкіметі жоғары бағалап, алтын медальмен марапаттады. (Қытай тіліне қарағанда, бұл өзгерістердің бірі де жоқ)

Славиян графикасы негізіндегі қазақ жазуы.

1955-1956жылдары араб жазуы қазақ тілінің дыбысты ерекшелігін дұрыс бейнелей алмай отыр, оған реформа жасалу керек дейтін ұсыныстарды алға қойды,

1959жылы 31-қарашада Ш Ұ А Р халық үкіметі ұйғұр, қазақ, қырғыз қатарлы крииіл (славиян) жазуын қолдану жайлы қаулы алды, бірк 1958жылға келгенде, бұл жазу қолдану үйлесімді емес деп қаралып күшін жойды.(2) 196-бет

Қытай тілі әліппесі жобасы негізіндегі қазақ жаңа жазуы1959жылы қытайда қытай тілі дыбыстық жазу жобасы негізіндегі қазақтың латын жазуы (жаңа жазуының) жобасы жасалды.(4)102-бет Бұл,Жаңа жазу сол уақыттарда қытай қазақтарының қытайшаны үйренуіне тиімділік тудырған. Бірақ, бұл жаңа жазуды жалпыластыру түрліше себептерге байланысты тоқтап қалды.1982 жылы 11-қарашада Ш Ұ А Р райондық халық үкіметі ұйғыр, қазақ жазуларының күшін жойып, араб алфавиті негізіндегі ұйғыр, қазақ байырғы жазуларын қалпына келтіруді ұйғарды.(4) 203-бет

Сөйтіп, қытай қазақтары қазірге дейін қолданып келе жатқан араб алфавиты негізіндегі қазақ жазуы дамып, ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арап жазуына өзгеріс енгізіп, тіліміздің дыбыс жүйесін толық бейнелеп беретін қазіргі қазақ жазуы, қазақ әліпбиі тұрақтандырылды. Шет тілден енген атауларымызға тілімізде дәл бейнелейтін әріп таңбалары тұрақтандырылды. Демек, бүгінгі күнге жеткен зерттеу жұмыстарында қазақтың төл жазуы ретінде қазақтың мәдениетін, тарихын бейнелеуде көпі рөлін атқарып келеді. Алайда, қазіргі және болашақтағы ғылым-техниканың дамуында, әсіресе, жаратылыстық ғылым мен компьютер техникасының дамуында араб алфавиты негізіндегі қазақ жазуы кей кездерде адамдардың қажетін қанағаттандыра алмай отырған жәйіттері де бар .

қазақ жазуының әліппесі

әріпт ер	рет і	әріпте р	реті	әріптер	реті	әріптер	реті	әріптер	реті	әріптер	реті	әріптер	реті	
Һ	ه	29	С	س	22	М	م	15	Е	ه	8	А	ا	1
Ч	چ	30	Т	ت	23	Н	ن	16	Ж	ج	9	Ө	ء	2
Ш	ش	31	У	ؤ	24	Ң	ڭ	17	З	ز	10	Б	ب	3
Ы	ى	32	Ұ	ۇ	25	О	و	18	И	ي	11	В	ق	4

I	ء ى	33	Y	ۇ	26	Ө	ء و	19	К	ك	12	Г	گ	5	
ء	Д э й е к ш е	34	Ф	ف	27	П	پ	20	Қ	ق	13	Ғ	ع	6	
		35	Х	ح	28	Р	ر	21	Л	ل	14	Д	د	7	

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нәзәрбек Бұқарбайұлы. Араб алфавиті негізіндегі қазақ жазуы. «Тіл және аударма» журналы, 2010.
2. Мыркамал Жалқанұлы. Ана тілім ардағым. «Ұлттар» баспасы, Бейжын 2010ж
3. www.diaspora.kz/diaa/book/export/html/214
4. Қабимолла Манжыбаев. Қазақ оқу-ағартуы тарихынан қысқаша дерктер. «Шинжиян халық» баспасы, Ұрымжы 2009ж

Резюме

В статье описывается и анализируется алфавит и орфография казахского письма на основе арабской графики реформированный Байтурсиновым, которое употребляется в среде казахской диаспоре в Китае.

Summary

The article describes and analyzes the alphabet and spelling Kazakh letters based on Arabic script Baitursynov reformed, which is used in the environment of the Kazakh Diaspora in China.

Özet

Makalede Çin'deki Kazak diasporasının ortamında kullanılan Arap alfabesiyle Baitursynov reforme dayalı alfabe ve yazım Kazak harf açıklar ve analiz eder.